

**2009 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы мен Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімге ("Оңтүстік - Батыс" жол дәлізінің жобасы ("Батыс Еуропа - Батыс Қытай" халықаралық транзит дәлізі) № 1 Қосымша Келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 5 шілдедегі № 600 Жарлығы

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған 2009 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы мен Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімге («Оңтүстік - Батыс» жол дәлізінің жобасы («Батыс Еуропа - Батыс Қытай» халықаралық транзит дәлізі) № 1 Қосымша Келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Болат Бидахметұлы Жәмішевке Қазақстан Республикасының атынан 2009 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы мен Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімге («Оңтүстік - Батыс» жол дәлізінің жобасы («Батыс Еуропа - Батыс Қытай» халықаралық транзит дәлізі) № 1 Қосымша Келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

*Н.Назарбаев*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

5

ш і л д е д е г і

№            6 0 0

Ж а р л ы ғ ы м е н

МАҚҰЛДАНҒАН

Жоба

(№ 39528 операция)

**2009 ЖЫЛҒЫ 30 НАУРЫЗДАҒЫ**

**Қазақстан Республикасы мен Еуропа Қайта Құру және**

**Даму Банкі арасындағы ҚАРЫЗ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМГЕ**

**«Оңтүстік - Батыс» жол дәлізінің жобасы («Батыс Еуропа -**

**Батыс Қытай» халықаралық транзит дәлізі)**

**№ 1 ҚОСЫМША КЕЛІСІМ**

Осы \_\_\_\_\_ Қосымша Келісім («осы Келісім») **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ** («Қарыз алушы») мен **ЕУРОПА ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМУ БАНКІ** («Банк») (бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатын) арасында жасалады.  
**МЫНАЛАРДЫ НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП:**

(А) Қарыз алушы Банкпен 2009 жылғы 30 наурыздағы Қарыз туралы келісімді («Оңтүстік - Батыс жол дәлізі жобасы («Батыс Еуропа - Батыс Қытай» халықаралық транзит дәлізі) («**Бастапқы Келісім**»)) жасасты, оған сәйкес Банк Бастапқы Келісім ережелері сақталған кезде және оларға сәйкес бұдан әрі Бастапқы Келісімде («**Бастапқы Жоба**») сипатталғандай, «Оңтүстік - Батыс» жол дәлізі жобасының мақсаттары үшін Қарыз алушыға 180,000,000 АҚШ долларынан аспайтын мөлшерде қарыз («**Қарыз**») беруге келісті.

(В) 2012 жылғы 12 желтоқсандағы Қарыз алушы мен Банк арасындағы Қарыз туралы келісімде («Шымкент - Ташкент» жолының учаскесін реконструкциялау) («**Ш-Т жолын реконструкциялау бойынша қарыз туралы келісім**») соңғысы «Шымкент - Ташкент» жолының учаскесін реконструкциялауды («**Ш-Т Жол Жобасы**») қаржыландыру үшін Ш-Т жолын реконструкциялау бойынша қарыз туралы келісім ережелері сақталған кезде және оларға сәйкес Қарыз алушыға 142,000,000 АҚШ долларынан аспайтын мөлшерде қарыз беруге келісті.

(С) Қарыз алушы Бастапқы Жоба шеңберінде үнемдеу нәтижесінде туындаған Қарыздың пайдаланылмаған бөлігін (54,500,000 АҚШ доллары сомасында) Ш-Т Жол Жобасын қаржыландыру үшін қайта бөлу өтінішімен Банкке жүгінді.

(D) Стандартты ережелер мен шарттардың 10.03-бөлімінде (Түзетулер) көзделгендей (Бастапқы Келісімде анықталғандай), Қарыз алушы мен Банк осы Келісім ережелерінің негізінде және олар сақталған кезде белгілі бір аспектілерде Бастапқы Келісімге түзетулер енгізуге ниет білдірді.

**ОСЫЛАЙША**, осы құжатты назарға ала отырып, Тараптар төмендегілер туралы уағдаласты:

### **1-бөлім. Анықтамалар және түсіндіру**

(а) Бастапқы Келісімде айқындалған терминдер (тікелей немесе кез келген басқа келісімге немесе заң құжатына сілтеме жасай отырып), егер осы құжатта өзгеше айқындалмаса немесе түпмәтін бойынша талап етілмесе, осы Келісімде сондай мағынаға ие болады.

(b) Осы Келісімде белгілі бір Бөлімге немесе Қосымшаға сілтеме, осы Келісімде өзгеше көрсетілген жағдайлардан басқа, осы Келісімнің сол белгілі бір Бөліміне немесе Қосымшасына сілтеме ретінде түсіндіріледі.

### **2-бөлім. Түзетулер және үздіксіздік**

(а) Бастапқы Келісім барлық мынадай шарттар қанағаттандырылатын күні және осы күннен бастап («**Күшіне ену күні**») күшіне ене отырып, осы Келісімге I Қосымшада жазылған түзетулерді енгізу жолымен өзгертілетін болады (бұл ретте осындай Күшіне

ену күнін Банк Қарыз алушыға жазбаша нысанда растайтын болады):

1) Ш-Т жолын реконструкциялау бойынша қарыз туралы келісім оның шарттарына сәйкес күшіне енді; және

2) Банк осы Келісімнің тиісті түрде уәкілеттік берілгенін және/немесе ратификацияланғанын және қол қойылғаның әрі Қарыз алушының атынан берілгенін және осы Келісімнің Қарыз алушының жарамды және оның шарттарына сәйкес қолданылатын міндетті заңдық күші бар міндеттемесін құрайтынын растайтын, Банк үшін қанағаттанарлық нысан мен мазмұн бойынша Қарыз алушының Әділет министрінен заң қорытындысын алды.

(b) Күшіне енген күннен бастап осы Келісіммен енгізілген түзетулері бар Бастапқы Келісімнің ережелері толық күшін және қолданысын сақтайды.

(c) Егер Күшіне ену күні осы Келісімге қол қойылған күннен (немесе Банк пен Қарыз алушы арасында жазбаша нысанда келісілуі мүмкін осындай басқа күннен) кейін 120 күн өткен соң басталмаса немесе өзге жағдайда Ш-Т жолын реконструкциялау бойынша қарыз туралы келісім осындай күнге дейін өз қолданысын тоқтатса, онда осы 2-бөлімнің (c) және 3-бөлімнің өз күшін сақтайтынын қоспағанда, осы Келісім дереу өз қолданысын тоқтатады.

### **3-бөлім. Әртүрлі**

(a) Осы Келісімге Тараптар жазбаша нысанда тиісті түрде қол қойған заң құжатымен ғана түзетулер енгізілуі мүмкін.

(b) Стандартты ережелер мен шарттардың VIII бабының ережелері (Құқықтық қамтамасыз ету; Дауларды реттеу) осы Келісімде толығымен жазылғандай, қажетті өзгерістерді ескере отырып, осы Келісімге қолданылатын болады.

Тиісті түрде өздерінің уәкілетті өкілдері арқылы әрекет ететін Тараптар **ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН** осы Келісімге қол қоюды және оны жоғарыда көрсетілген күні беруді қамтамасыз етті.

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**

-----  
А т ы - ж ө н і :

Б о л а т

Ж ә м і ш е в

Лауазымы: Қаржы министрі

**ЕУРОПА**

**ҚАЙТА**

**ҚҰРУ**

**ЖӘНЕ**

**ДАМУ**

**БАНКІ**

-----  
А т ы - ж ө н і :

Лауазымы:

## **I-ҚОСЫМША БАСТАПҚЫ КЕЛІСІМГЕ ТҮЗЕТУЛЕР**

Күшіне енген күні және осы күннен бастап Бастапқы Келісімге түзетулер былайша е н г і з і л е д і :

(а) Бастапқы Келісімнің 1.02-бөліміне (Анықтамалар) тиісті әліпбилік ретпен оған мынадай анықтамаларды қосу жолымен түзетулер енгізілетін болады:

«Жобаларды іске асыруға көзделген талаптар» екеуін де Банктің Директорлар кеңесі 2008 жылғы 12 мамырда мақұлдаған және 2008 жылғы 12 қарашадан бастап қолданылатын Банктің экологиялық және әлеуметтік саясатына байланысты 1-8 және 10 Жобаларды (немесе түпмәтіннің талаптарына қарай Жобаларды іске асыруға қойылатын осындай талаптардың кез келгені) іске асыруға қойылатын талаптарды білдіреді. »

«Экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жоспары (Ш-Т Жол Жобасының Бөлігі)» немесе «ЭЭІЖ (Ш-Т Жол Жобасының Бөлігі)» Банктің экология жөніндегі консультанты, қазақстандық «CaspіEcology» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі дайындаған және Атқарушы Агенттік мақұлдаған 2012 жылғы 12 желтоқсандағы экологиялық және әлеуметтік басқару жоспарын және жетілдіру жөніндегі шараларды білдіреді, бұл ретте мұндай жоспарға Банктің алдын ала жазбаша келісімімен мезгіл-мезгіл түзетулер енгізілуі мүмкін.»

«Экологиялық және әлеуметтік заң» мыналарға: (а) қоршаған ортаның ластануына немесе оны қорғауға, оның ішінде ақпаратқа және шешімдер қабылдауға қатысуға ашық қол жеткізуге қатысты сабақтас заңдарға немесе қағидаларға; (b) еңбек жағдайларына және жұмыспен қамтуға; (c) еңбек гигиенасына және қауіпсіздікке; (d) қоғамның саулығына, қауіпсіздігіне және қорғалуына; (e) жергілікті тұрғындарға; (f) мәдени мұраға; немесе (g) адамдардың қоныс аударуына немесе экономикалық онтайлы орын ауыстыруына қатысты қолданылатын кез келген ұлттық құқықты немесе қағидаларды білдіреді. » .

«Экологиялық және әлеуметтік мәселе» кез келген экологиялық және әлеуметтік заңның, Жобаларды іске асыруға көзделген кез келген талаптардың, Экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жоспарының (Ш-Т Жол Жобасының Бөлігі) немесе Қоныс аудару жоспарының (Ш-Т Жол Жобасының Бөлігі) күші қолданылатын кез келген мәселені білдіреді. »

«Бастапқы Жобаның Бөлігі» «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» халықаралық транзит дәлізінің бір бөлігі болып табылатын және 1-қосымшада (Жобаның Сипаттамасы) сипатталғандай, А — D аралығындағы Жобаның Бөлігін құрайтын Ресей Федерациясының шекарасы мен Ақтөбе қаласының арасындағы ұзындығы 102 км жолды реконструкциялауды және оның техникалық санатын арттыруды білдіреді.»

«Қоныс аудару жоспары (Ш-Т Жол Жобасының Бөлігі) Жобаларды іске асыруға көзделген 5-талапқа сәйкес Банктің экология жөніндегі консультанты, қазақстандық «CaspіEcology» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі дайындаған және Атқарушы Агенттік мақұлдаған 2012 жылғы 12 желтоқсандағы Ш-Т Жол Жобасының Бөлігі үшін қоныс аудару жоспарын білдіреді, бұл ретте мұндай қоныс аудару жоспары Банктің алдын ала жазбаша келісімімен мезгіл-мезгіл өзгеруі мүмкін.»

«Жоба» жиынтығында: Бастапқы Жобаның Бөлігін және Ш-Т Жол Жобасының Бөлігін білдіреді.»

«Ш-Т жолын реконструкциялау бойынша қарыз туралы келісім» 2012 жылғы 12 желтоқсандағы Қарыз алушы мен Банк арасындағы Қарыз туралы келісімді білдіреді, оған сәйкес Банк көрсетілген Келісімнің ережелері сақталған кезде және оларға сәйкес «Шымкент-Ташкент» жолының учаскесін реконструкциялауды қаржыландыруға Қарыз алушыға 142,000,000 АҚШ долларынан аспайтын мөлшерде қарыз беруге келісті, бұл ретте мұндай Келісімге мезгіл-мезгіл өзгерістер енгізілуі мүмкін.»

«Ш-Т» Жол Жобасының Бөлігі» 1-қосымшада (Жобаның Сипаттамасы) сипатталғандай, Жобаның Е Бөлігін құрайтын, «Шымкент-Ташкент» жолының учаскесін реконструкциялауды білдіреді.»

(b) Бастапқы Келісімнің 2.02-бөлімінің (Қарыздың басқа да қаржылық шарттары) (f) тармағы толығымен жойылады және былайша ауыстырылады:

«(f) Қарызды пайдаланудың соңғы күні 2018 жылғы 10 қаңтар немесе Банк өз қалауы бойынша белгілейтін және ол туралы Қарыз алушыны хабардар ететін осындай басқа күн болады.»

(c) Бастапқы Келісімнің 3.01-бөліміне (Өзге де оң жобалық міндеттемелер) түзетулер былайша енгізілетін болады:

(1) 3.01-бөлімнің (b) (2) тармағына түсіндіру үшін түзетулер былайша енгізілетін болады:

«(2) Жобаның С Бөлігінің шеңберінде тартылатын консультанттың көмегімен және осындай консультант ұсыным берген және экономикалық негізделген көлемде, осындай жобаны Қарыз алушының заңнамасында белгіленген тәртіппен концессияға берілуі ықтимал жобалар тізбесіне енгізгеннен кейін 2014 жылғы 31 желтоқсанның кешіктірмей іріктелген концессиялық жоба бойынша барлық қажетті конкурстық құжаттаманы дайындайды және Банкпен келісілген кестеге сәйкес осындай тендерді жариялайды;» және

(2) Мынадай жаңа Тармақ (c) Бастапқы Келісімнің осындай 3.01-бөлімінің соңына қосылатын болады:

«(c) егер Банкпен өзгеше келісілмесе, Қарыз алушы бұдан әрі Ш-Т Жол Жобасының Бөлігіне қатысты Атқарушы Агенттіктің:

(1) 2014 жылғы 30 наурыздан кешіктірмей үздік өнеркәсіптік практикаға сәйкес автожол саласындағы құрылыс жұмыстарына арналған нормативтерді және үлгілік техникалық ерекшеліктерді шолуды аяқтауын;

(2) 2015 жылғы 30 наурыздан кешіктірмей автожол саласындағы құрылыс жұмыстарына арналған тиісті нормативтерді және үлгілік техникалық ерекшеліктерді қабылдауын;

(3) 2014 жылғы 30 наурыздан кешіктірмей Атқарушы Агенттіктің әлеуетін егжей-тегжейлі бағалауды аяқтауын және тәуелсіз жол агенттігінің (республикалық

автомобиль жолдары желісін басқару үшін құрылатын мамандандырылған жол ұйымы) жұмыс істеуіне қатысты егжей-тегжейлі ұсыныстар әзірлеуін, мұндай ұсыныстарды іске асыру үшін Іс-қимылдар жоспарын және қолданыстағы заңнамаға түзетулердің тиісті жобасын дайындауын;

(4) 2014 жылғы 31 желтоқсаннан кешіктірмей, ұсынылып отырған реформаларды іске асыруға мүмкіндік беретін заңнамаға енгізілетін түзетулердің жобасын қамтитын тәуелсіз жол агенттігін құруға қатысты іс-қимыл жоспарын Қарыз алушы Үкіметінің қарауына ұсынуын;

(5) 2013 жылғы 31 желтоқсаннан кешіктірмей Атқарушы Агенттіктің сатып алу функцияларының әлеуетін бағалауды аяқтауын және осындай шарт айқындалған Ш-Т жолын реконструкциялау бойынша қарыз туралы келісім шеңберінде Жобаның С бөлігі бойынша үздік практикаға сәйкес ұсынымдар әзірлеуін, бұл ретте осындай бөлік Ш-Т жолын реконструкциялау бойынша қарыз туралы келісімнің 1 - қосымшасының 2-тармағында жазылған және Атқарушы Агенттікпен келісілген;

(6) 2014 жылғы 30 маусымнан кешіктірмей жоғарыдағы (5) тармақшада көрсетілген ұсынымдарды қолдануын және қолданылатын заңнамаға сәйкес Атқарушы Агенттіктің сатып алу саласындағы функцияларын жетілдіруді аяқтауын;

(7) 2015 жылғы 30 маусымнан кешіктірмей, жол агенттігі құрылған жағдайда жоғарыдағы (5) тармақшада көрсетілген ұсынымдарға сәйкес жол агенттігінің сатып алу саласындағы тиісті функцияларын іске асыруын;

(8) 2014 жылғы 30 наурыздан кешіктірмей, жеке сектордың дайындығын және мемлекеттік сектордың нәтижелілікке негізделген техникалық күтіп-ұстау жөніндегі келісімшарттарға тендер өткізу мүмкіндігін бағалайтын зерттеуді аяқтауын;

(9) 2015 жылғы 30 наурыздан кешіктірмей регламенттік техникалық күтіп-ұстауға арналған көпжылдық келісімшарт үшін тендерлік құжаттама дайындауын және осындай тендерді жариялауын;

(10) 2013 жылғы 30 наурыздан кешіктірмей Қарыз алушы Үкіметінің қарауына концессиялар туралы заңнамаға жобаларды МЖӘ үлгісі бойынша іске асыруды қамтамасыз етуге тараптарға арналған қолайлы түзетулердің тиісті жобасын ұсынуын; және

(11) Ш-Т Жол Жобасының Бөлігі шеңберінде және/немесе Ш-Т жолын реконструкциялау бойынша қарыз туралы келісім шеңберінде және қарыз қаражатын немесе Ш-Т жолын реконструкциялау бойынша қарыз туралы келісім шеңберінде қарызды пайдалана отырып, реконструкцияланатын жол учаскесі құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін және Қарызды ақырғы төлеуге дейін жобаның тіршілік циклі ішінде 1 б санаттағы деп сыныпталуын қамтамасыз етеді.»

(d) Бастапқы Келісімнің 3.04-бөлімі (Экологиялық және әлеуметтік сәйкестік шарттары) Бастапқы Жобаның Бөлігіне ғана қолданылатын болады және тиісінше мұндай бөлім көрсетілген Келісімдегі Жобаға сілтемелер сияқты қажетті өзгерістерді

ескере отырып, Бастапқы Жобаның Бөлігіне көрсетілетіндей, өзгертілген болып е с е п т е л е д і .

(е) Мынадай жаңа бөлім Бастапқы Келісімнің 3.04-бөлімінен (Экологиялық және әлеуметтік сәйкестік шарттары) кейін тікелей қосылатын болады:

**«3.04-бөлім (екі) - Ш-Т Жол Жобасының Бөлігіне қатысты экологиялық және әлеуметтік сәйкестік шарттары**

Егер Банк өзгеге келіспесе, Стандартты ережелер мен шарттардың 4.02 (а), 4.04 (а) (iii) және 5.02 (с) (iii) бөлімдерінің жалпыға бірдей қолданылатын сипатына нұқсан к е л т і р м е с т е н :

(а) Қарыз алушы ЭӘІЖ-да (Ш-Т Жол Жобасының Бөлігі) және Қоныс аудару (Ш-Т Жол Жобасының Бөлігі) жоспарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Жобаларды іске асыруға көзделген талаптарға сәйкес Ш-Т Жол Жобасының Бөлігін орындайды және кез келген мердігердің орындауын қамтамасыз етеді.

(b) Қарыз алушы жоғарыда айтылғанға нұқсан келтірместен, ЭӘІЖ-ны (Ш-Т Жол Жобасының Бөлігі) және Қоныс аудару жоспарын (Ш-Т Жол Жобасының Бөлігі) мұқият іске асыратын және сақтайтын және бақылауды қамтамасыз етуге жататын және осындай жоспарларда қамтылатын ережелерге сәйкес осындай жоспарлардың іске а с ы р ы л у ы н б а қ ы л а й т ы н б о л а д ы .

(с) Қарыз алушы мен Банк Ш-Т Жол Жобасы Бөлігінің немесе Қарыз алушының қалыптасқан жағдайындағы өзгерістерге, күтпеген оқиғаларға және бақылау нәтижелеріне жауап ретінде ЭӘІЖ-ге (Ш-Т Жол Жобасының Бөлігі) және Қоныс аудару жоспарына (Ш-Т Жол Жобасының Бөлігі) мезгіл-мезгіл түзетулер енгізуге келісуі мүмкін. Жоғарыда айтылғанның жалпыға бірдей қолданылатын сипатына н ұ қ с а н к е л т і р м е с т е н ,

(1) егер қандай да бір қолайсыз экологиялық немесе әлеуметтік әсер немесе күтілмеген немесе ЭӘІЖ-да және Қоныс аудару жоспарында не толығымен не оның маңыздылық дәрежесіне дейін көзделген мәселе болса,

(2) егер ЭӘІЖ-да (Ш-Т Жол Жобасының Бөлігі) және Қоныс аудару жоспарында (Ш-Т Жол Жобасының Бөлігі) жазылған әсерді азайту бойынша қандай да бір шара кез келген экологиялық немесе әлеуметтік әсерді жою немесе ЭӘІЖ-да (Жол Жобасының Бөлігі) және Қоныс аудару жоспарында (Ш-Т Жол Жобасының Бөлігі) жазылған уақыт кезеңі ішінде Жобаларды іске асыруға көзделген тиісті талаптарда болжанатын деңгейге дейін азайту үшін жеткіліксіз болса, немесе

(3) егер ЭӘІЖ-ны (Ш-Т Жол Жобасының Бөлігі) және Қоныс аудару жоспарын (Ш-Т Жол Жобасының Бөлігі) немесе қандай да бір экологиялық және әлеуметтік заңды қалай да бір елеулі түрде сақтамауды қандай да бір бақылаушы органның немесе билік органының инспекциясы анықтаса,

Қарыз алушы ақылға сыйымды қысқа мерзімдерде және Банктің келісуіне қарай әрбір жағдайда Банк үшін қанағаттанарлық шамада Жобаларды іске асыруға көзделген

талаптарға және қолданылатын экологиялық және әлеуметтік заңдарға сәйкестендіруге қол жеткізу үшін қажет болуы мүмкін әсерді азайту бойынша осындай қосымша немесе қайта қаралған шараларды әзірлейді және ЭӘІЖ-ге (Ш-Т Жол Жобасының Бөлігі) және Қоныс аудару жоспарына (Ш-Т Жол Жобасының Бөлігі) енгізеді.»

(f) Бастапқы Келісімнің 3.05-бөлімінің (Консультанттар) (a) тармағына көрсетілген тармақтағы «консультанттарды» деген сөзден кейін мынадай сөздерді қосу жолымен түзетулер енгізілетін болады:

«, сондай-ақ Жобаның Е бөлігін іске асыруға жәрдем көрсету үшін консультанттарды»

(g) Бастапқы Келісімнің 3.06-бөлімінің (Есептілікті ұсыну кезеңділігі және оған қойылатын талаптар) (a) тармағы Бастапқы Жобаның Бөлігіне ғана қолданылатын болады және тиісінше мұндай бөлім көрсетілген Келісімдегі Жобаға сілтемелер сияқты қажетті өзгерістерді ескере отырып, Бастапқы Жобаның Бөлігіне көрсетілетіндей, өзгертілген болып есептеледі.

(h) Бастапқы Келісімнің 3.06-бөлімінің (Есептілікті ұсыну кезеңділігі және оған қойылатын талаптар) (b) тармағы Бастапқы Жобаның Бөлігіне және Ш-Т Жол Жобасының Бөлігіне қолданылуын жалғастыра береді; тиісінше мұндай бөлім өзгертілген болып есептеледі.

(i) Мынадай жаңа бөлім Бастапқы Келісімнің 3.06-бөлімінен (Есептілікті ұсыну кезеңділігі мен оған қойылатын талаптар) кейін тікелей қосылатын болады:

### **«3.06-бөлім (екі) - Ш-Т Жол Жобасының Бөлігіне қатысты басқа есептілік**

(a) егер 3.06-бөлімге немесе Ш-Т жолын реконструкциялау бойынша қарыз туралы келісімге сәйкес және Қарыздың толық сомасы өтелгенге немесе толық жойылғанға дейін Банкке берілмеген жағдайда, Қарыз алушы Атқарушы Агенттік арқылы Банкке есепті жыл аяқталғаннан кейін 90 күн ішінде Қарыз алушыға немесе Ш-Т Жол Жобасының Құрауыш Бөлігіне қатысты туындайтын экологиялық және әлеуметтік мәселелер бойынша жыл сайынғы есептерді ұсынады. Мұндай есептер мынадай нақты мәселелер туралы ақпаратты қамтитын болады:

(1) Қарыз алушының 3.04 (екі) (a) бөлімінде сипатталғандай, Жобаларды іске асыруға көзделген талаптарды сақтауы және ЭӘІЖ-ны (Ш-Т Жол Жобасының Бөлігі) және Қоныс аудару жоспарын (Ш-Т Жол Жобасының Бөлігі) іске асыруы туралы ақпарат;

(2) Қарыз алушының Жобаларды іске асыруға көзделген талаптарды және ЭӘІЖ-ны (Ш-Т Жол Жобасының Бөлігі) Ш-Т Жол Жобасының Бөлігімен айналысатын кез келген мердігерлердің сақтағанын қалай бақылағаны туралы ақпаратты және осындай мердігерлердің Жобаларды іске асыруға көзделген талаптарды және ЭӘІЖ-ны (Ш-Т Жол Жобасының Бөлігі) кез келген елеулі сақтамаушылығының және осындай сақтамаушылықты түзеу үшін қабылданған кез келген шараларының мәліметі;

(3) кез келген алынған шағымдардың мәліметін және мұндай шағымдардың қалай



шешілгенін қоса алғанда, 10-жобаны іске асыруға көзделген талаптармен талап етілетін мүдделі тараптарды тарту жоспарының іске асырылуы туралы ақпарат;

(4) Қарыз алушының Ш-Т Жол Жобасының Бөлігіне қатысты экологиялық және әлеуметтік заңдарды сақтауы туралы ақпарат, оның ішінде Ш-Т Жол Жобасының Бөлігі үшін қажетті кез келген рұқсаттардың мәртебесі, қандай да бір реттеуші органдар жүргізген кез келген инспекциялардың нәтижелері, қолданылатын заңдарды, қағидаларды немесе нормаларды кез келген бұзушылықтар және жою жөніндегі олармен байланысты келген іс-шаралар немесе осындай бұзушылықтар үшін салынған кез келген айыппұлдар және Ш-Т Жол Жобасының Бөлігіне қатысты Қарыз алушы кез келген реттеуші органдарға берген экологиялық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі кез келген маңызды хабарламалардың, есептердің және өзге де хабарлаулардың м ә л і м е т і ;

(5) жазатайым оқиғалардың, еңбекке уақытша жарамсыздыққа әкеп соққан жазатайым оқиғалар мен тосын оқиғалардың санын, Қарыз алушы қолданған немесе жоспарлап отырған кез келген профилактикалық немесе жеңілдету шараларын қоса алғанда, Ш-Т Жол Жобасының Бөлігі бойынша еңбекті қорғау және қауіпсіздік жөніндегі менеджмент және қауіпсіздік техникасының жай-күйі туралы ақпарат, кадрларды еңбек пен денсаулықты қорғау бойынша кез келген даярлау және Қарыз алушы іске асырған немесе жоспарлап отырған денсаулықты сақтау және қауіпсіздік бойынша менеджмент мәселелері жөніндегі кез келген басқа да бастамалар;

(6) Ш-Т Жол Жобасының Бөлігіне елеулі әсер етуі мүмкін экологиялық және әлеуметтік заңдардағы кез келген өзгерістердің мәліметтері; және

(7)Қарыз алушы өз акционерлеріне немесе жұртшылыққа кезеңділікпен ұсынатын экологиялық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі кез келген ақпараттың көшірмелері.

(b) Егер 3.06-бөлімге немесе Ш-Т жолын реконструкциялау бойынша қарыз туралы келісімге сәйкес Банкке әлі берілмеген жағдайда, қоршаған ортаға, денсаулыққа немесе қауіпсіздікке елеулі жағымсыз әсер етуі ықтимал Ш-Т Жол Жобасының Бөлігіне байланысты тосын оқиға немесе жазатайым оқиға туындаған кезде Қарыз алушы бұл туралы Банкті осындай тосын оқиға немесе жазатайым оқиғаның және оларды жою үшін Қарыз алушы немесе Атқарушы Агенттік қолданған кез келген қадамның сипатын көрсете отырып, факсимильдік хабарламамен немесе телекспен дереу хабардар етеді. Жоғарыда айтылғанның жалпыға бірдей қолданылу сипатына нұқсан келтірместен,

(1) тосын оқиға немесе жазатайым оқиға, егер ол Ш-Т Жол Жобасының Бөлігі үшін пайдаланылатын қандай да бір учаскеде орын алса немесе егер ол Ш-Т Жол Жобасының Бөлігі үшін немесе оған қатысты қолданылатын өндірістік құрылыстарда, жабдықтарда, көлік құралдарында немесе кемелерде орын алса (олардың Ш-Т Жол Жобасы Бөлігінің қандай да бір аумағында пайдалануына қарамастан және оларды уәкілетті немесе бөгде адамдардың пайдалануына қарамастан) Ш-Т Жол Жобасының Б ө л і г і н е

ж а т қ ы з ы л а д ы ;

(2) тосын оқиға немесе жазатайым оқиға, егер:

(А) кез келген қолданылатын заң мұндай тосын оқиға немесе жазатайым оқиға туралы кез келген мемлекеттік органға хабарлауды талап етсе,

(В) мұндай тосын оқиға немесе жазатайым оқиға кез келген адамның өліміне әкеп соқтырса (бұл адамды Қарыз алушының жалдағанына не жалдамағанына қарамастан),

(С) бірнеше адам (бұл адамдарды Қарыз алушының жалдағанына не жалдамағанына қарамастан) ауруханаға жатқызуды талап ететін ауыр жарақаттар алса, немесе

(D) мұндай тосын оқиға немесе жазатайым оқиға жұртшылыққа бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де жолмен белгілі болса немесе оның белгілі болатындығы ықтимал болса, қоршаған ортаға, жұртшылыққа, еңбек гигиенасына немесе қауіпсіздік техникасына елеулі теріс әсері бар деп есептеледі.

Егер 3.06-бөлімге немесе Ш-Т жолын реконструкциялау бойынша қарыз туралы келісімге сәйкес Банкке әлі берілмеген жағдайда, Қарыз алушыға немесе Ш-Т Жол Жобасының Бөлігіне қарсы бағытталған немесе оған қатысты және ол Қарыз алушыға немесе Ш-Т Жол Жобасының Бөлігіне елеулі теріс әсер тигізуі мүмкін немесе жұртшылыққа бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де жолмен белгілі болған немесе белгілі болуы ықтимал, жұмысшылардың немесе қоғамдастық мүшелерінің кез келген елеулі наразылығына қатысты Қарыз алушы Банкті дереу хабардар етеді. Қарыз алушы кез келген осындай хабарламадан кейін он күн ішінде Қарыз алушының осындай наразылықты тексеру нәтижесін және наразылықта көтерілген мәселелерді шешу үшін Қарыз алушы қабылдаған немесе қабылдау ұсынылатын кез келген әрекетті айқындайтын, Банк үшін қанағаттанарлық есепті ұсынады. »

(j) Бастапқы Келісімнің 1-қосымшасына (Жобаның Сипаттамасы) түзетулер былайша енгізілетін болады:

(1) көрсетілген Қосымшаның 1-тармағы толығымен жойылады және мынадай түрде ауыстырылады:

«1. Жобаның мақсаты (i) «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» халықаралық транзит дәлізінің бір бөлігі болып табылатын, Ресей Федерациясының шекарасынан Ақтөбе қаласына дейінгі ұзындығы 102 км жолды реконструкциялау мен жаңғыртуда және (ii) Еуропаны Қытаймен байланыстыратын «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» халықаралық транзит дәлізінің бір бөлігі болып табылатын, Өзбекстан Республикасымен шекарадағы «Жібек жолы» халықаралық шекараны кесіп өту пункті мен «Шымкент-Ташкент» жолының 742 км бекеті арасындағы ұзындығы 62 км жол учаскесін реконструкциялауда Қарыз алушыға көмек көрсету болып табылады.»

(2) Көрсетілген Қосымшаның 2-тармағына көрсетілген Тармақтың соңына мынадай тармақты қосу жолымен түзетулер енгізілетін болады:

**«Е бөлігі: Өзбекстанмен мемлекеттік шекараны («Жібек жолы» бекетінде) «Шымкент-Ташкент» жолының 742 км бекетті қосатын жол учаскесінің бөлігін (62 км)**

## **реконструкциялау жөніндегі құрылыс жұмыстары мынадай түрде:**

- Қарыз қаражаты қолданыстағы екі жолақты қозғалыстағы I-b санатындағы жолды және қолданыстағы көлденең тасжолды техникалық күтіп-ұстап, 804.2 км өзбекстандық шекараны 742 км жолдағы пунктпен қосатын ұзындығы 62 км қолданыстағы жол учаскесінің бөлігін реконструкциялауды қаржыландыруға пайдаланылатын болады. Жолдың қолданыстағы учаскесі техникалық күтіп-ұстауда болғандықтан, жолды қандай да бір кеңейту талап етілмейді.

- Қолданыстағы III санат стандартындағы бір жолақты жолдан екі қозғалысы бар I-b санаты стандартындағы жолға дейін шамамен 799 км жол айрықтан 804.2 км «Жібек жолы» шекарасын кесіп өтетін халықаралық пунктке дейін жол учаскесін реконструкциялау. Бұл жолды 15 метрге кеңейтуді талап етеді. Шекараның кесіп өту пунктіне кіреберісте ені 6 м уақытша жолдар жергілікті қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін екі жақтан да қосылатын болады.

- Жергілікті уақытша жолдар олармен және көптеген шағын қиылыстармен қатар тұрғын үй құрылысы жүріп жатқан жердегі үш орналасу орнымен қамтамасыз етілетін болады. Осы уақытша жолдар негізгі қиылыстарға жергілікті қозғалысты жүзеге асыратын болады және М39 басты тасжолға бүйірден жиі қосылу қажеттігінен құтқарады.

- Жолды жайластыруды, жол таңбасын және жол белгілерін қамтитын жол қозғалысының қауіпсіздігі жөніндегі жұмыстарды енгізу.»

(3) Көрсетілген Қосымшаның 3-тармағына түсіндіру үшін түзетулер былайша енгізілетін болады:

«3. Бастапқы Жоба Бөлігі 2013 жылғы 31 желтоқсанға қарай (3.01 (b) (2) бөлімді сақтау шартымен) аяқталады деп күтілуде. Ш-Т Жол Жобасы Бөлігі 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталады деп күтілуде.»

(к) Бастапқы Келісімнің 2-қосымшасының (Қарыз санаты және оны іріктеу) 2-тармағына түсіндіру үшін түзетулер былайша енгізілетін болады:

«2. Жоғарыдағы 1-тармақтың ережелеріне қарамастан, мыналарға:

(а) Бастапқы Жобаның Бөлігіне жататын және 2009 жылғы 30 наурызға дейін шеккен шығындарға; және

(б) мынадай жағдайдан басқа және Ш-Т жолын реконструкциялау бойынша қарыз туралы келісімге сәйкес Ш-Т Жол Жобасының Бөлігі үшін жобаны қадағалау және басқару жөніндегі консультанттар тағайындалмайынша Ш-Т Жол Жобасының Бөлігіне жататын шығындарға қатысты; осындай шарт орындалған кезде кез келген жағдайда Ш-Т жолын реконструкциялау бойынша қарыз туралы келісімге қол қойылған күнге дейін шеккен кез келген осындай шығындарға қатысты қарыз қаражатын алу жүргізілмейді.»

(1) Бастапқы Келісімнің 2-қосымшасына (Қарыз санаты және оны іріктеу) толықтыруға түсіндіру үшін түзетулер былайша енгізілетін болады:

<b>Санаты</b>	<b>Қарыз валютасында бөлінген қарыз сомасы</b>	<b>Қаржыландыруға жататын шығындар үлесі</b>
(1) Жобаның А Бөлігі шеңберіндегі жұмыстар	119,500,000	қандай да бір салықтарды есептемегенде, келісімшарттың 100% құны
(2) Жобаның В Бөлігі шеңберінде құрылысты қадағалау	6,000,000	қандай да бір салықтарды есептемегенде, келісімшарттың 100% құны
(3) Жобаның Е Бөлігі шеңберіндегі жұмыстар	54,500,000	қандай да бір салықтарды есептемегенде, келісімшарттың 100% құны
<b>Жиыны</b>	<b>180,000,000</b>	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК